

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



**«ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ: ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**  
атты «Нұрпейісов оқулары» шеңберіндегі ҚР ҰҒА академигі Нұрпейіс Кенес  
Нұрпейісұлының 75-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық  
конференцияның  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
(Алматы қ., 12 наурыз 2010 ж.)

**МАТЕРИАЛЫ**  
Международной научно-практической конференции: **«ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ:  
ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ И ПРЕПОДАВАНИЯ»**  
посвященной 75-летию академика К.Н.Нурпеиса в рамках  
«Нурпеисовских чтений»  
(г. Алматы, 12 марта 2010 г.)

Алматы \* 2010

<b>Бегісқұлова Ш.А.</b> Ұлы Жібек жолы тоғымсындағы Жанкент – Оғыз мемлекетінің астанасы .....	128
<b>Нурбетова Г.О.</b> История идеологического обеспечения кадровой политики в Казахстане (1950-1961 гг.) .....	131
<b>Шамишев Г.С.</b> XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ауыл шаруашылық кооперациясының қалыптасуы .....	133
<b>Примбетова Е.Ұ.</b> Қазақ хандығының шығыс аумағының мәселелері .....	135
<b>Кудайбергенова Ж.А.</b> К вопросу изучения природно-географических и почвенных особенностей Казахстана в XIX – XX вв. ....	137
<b>Гриценная Л.А.</b> Проблема крестьянских вооруженных выступлений в Казахстане в начале 20-х годов XX века. ....	140
<b>Жарыкбаева Д.Р.</b> Қазақ даласындағы заң жүйесінің тәрбиелік маңызы .....	143
<b>Жунусов Б.Н.</b> Право наций на самоопределение в деятельности партий «Алаш» и «Уш жуз» .....	145
<b>Рахманғалиев К., Манкеев Н.</b> Бөймен Алманов және Қазақ мемлекеттік педагогика институтының алғашқы түлектері .....	148
<b>Маханова А.О.</b> XIX-XX ғасырдың басындағы Батыс Қазақстанда украиндардың қоныстану мәселесі .....	151
<b>Бисембаева Л.А.</b> 1867 жылғы реформа және жаңа билік жүйесінің Оңтүстік өңірлерге енгізілуі .....	154
<b>Исаева Л.Н.</b> Общественно-политические процессы в Казахстане в 20-е годы .....	157
<b>Кенжебаева С.Е.</b> Формирование органов управления общественно-культурным развитием в Западном Казахстане в 1917-1920 году. ....	159
<b>Тоқболат С.Т.</b> Бөкей ордасын отарлаудағы империялық саясаттың тәсілдері .....	162
<b>Зарипкова Г.М.</b> Оңтүстік Қазақстанның ауылшаруашылығы саласындағы қутын - сүргіннің кәсіреті .....	168
<b>Бақыт А.Д.</b> XX ғ. 20 жылдарындағы Қазақстандағы қаржы министрлігінің қызметі .....	171
<b>Кенжалина Г.Ж.</b> Факторы формирования общественно-политических взглядов казахской национальной интеллигенции в конце XIX-начале XX вв. ....	173
<b>Алдажуманов Е.К.</b> Использование труда спецпереселенцев в Казахстане в 1941-1945 гг. ....	176
<b>Адильбаев М.У.</b> Особенности развития цветной металлургии в Казахстане в период форсированной модернизации .....	177
<b>Садықова А.М.</b> А.Байтұрсынұлы қазақ үкіметінің тұңғыш ағарту комиссары .....	179
<b>Дауытбекова М.К.</b> XVII-XVIII ғасырлардағы дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлардың саяси қызметінің кейбір мәселелері туралы .....	182
<b>Исмаилов С.С., Билял А.Б.</b> Проблема социальной защиты населения на территории Казахстана и Южного Урала в период голода 1920-х годов. ....	185
<b>Джасымбаева Ш.Т.</b> Особенности развития трудовых ресурсов в Южном Казахстане в 90-х годах XX века. ....	189
<b>Әмінова Г.Б.</b> Егеменді Қазақстанның мемлекеттік, әлеуметтік-экологиялық саясаты: даму жолдары мен бағыттары .....	192
<b>Ұстағалиев Е.</b> Қазақ жонгар қарым қатынасы және Ресей империясы .....	194

жасауға құзылы болып, С.Меңдешев пен қырғыз (қазақ) әскери комитеті өкілдері қатыса алатын болды.

1921 жылдың күзінде Халық ағарту комиссариатының ғылыми бөлімі Академиялық орталық болып қайта құрылды [3,31]. 1922 жылдың маусым айына дейін халық комиссарының орынбасары қызметін атқарған А.Байтұрсынов сонымен қатар сол Академиялық орталықтың төрағасы да болды [2,76]. Академиялық орталықтың құрамындағы маңыздылары Мемлекеттік ғылыми кеңес (ГУС) және Мемлекеттік суреткерлік кеңес (ГОХС) еді. Ғылым мәселелері Мемлекеттік ғылыми кеңестің, ал Көркем мәдениет мәселелері сәйкесінше Мемлекеттік суреткерлік кеңестің қарамағында болды. Академиялық орталық негізінен ғылыми, оқу, ағарту және көркем қызметтің жалпы теориялық және бағдарламалық жағын басқарды [9].

А.Байтұрсыновтың халық ағарту комиссариатына қызметке келуі заңды еді. Оның саналы өмірінің басым бөлігін ағартушылық қызметке арнағаны белгілі. «Ұлт тірегі – тіл» деп білген Ахан, әсіресе, қазақ тілінің даму жағдайына көп көңіл бөлсе керек. Оның өзі бас болып бір топ қазақ зиялы жастарымен қосылып 1905 жылы патша үкіметіне жіберген петицияда (арызда) талап етілетіндердің қатарында қазақ мектептерінде қазақ тілінде оқыту, интернат, пансионат, жоғары оқу орындарының жайы, қазақ тілінде газет шығару, болыстық кеңселер мен халықтық соттарда істі қазақ тілінде жүргізу, өтініштерді қазақ тілінде қабылдау правосын қалпына келтіру, қызметке қазақ тілін білетін тілмаштарды алу, сот ісін қазақ тілінде жүргізу сынды маңызды мәселелер болған [10,210-211].

Қазақ республикасының тұңғыш Халық ағарту комиссары және комиссар орынбасары болып қызмет атқарған уақыт ішінде ол сол кезде маңызды болып табылатын мәдени-ағартушылық, әлеуметтік, кадр мәселесі сынды мәселелерді ұлт мүддесі тұрғысынан қарап, Қазақ үкіметінің дамуына зор үлес қосты.

1. Образование Казахской АССР. Сборник документов и материалов /Сост. Е.Л.Вилевский, Г.Ф.Дахшлейгер, Н.П.Калита, А.Н.Нусупбеков, В.К.Савосько.– Алма-Ата, 1957. – 367 с.
2. Қазақстан наркомдары. 1920-1946 жж. Өмірбаяндық анықтамалық / Құраст. М.Х.Жақыпов, А.С.Зулкешева, А.Н.Ипмагамбетова, Е.В.Чиликова. – Алматы: «Арыс», 2007. – 400 б.
3. Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тұлға, теория. – Алматы, 2004. – 344 б.
4. Шілдебай С. Виктор Алексеевич Радус-Зенькович басқарған алғашқы қазақ үкіметі // Қазақстан тарихы. – 2007. – № 3. – 73-б.
5. Мұсағалиева А. Ахмет Байтұрсынов – Халық ағарту комиссары // Қазақ тарихы. – 1998. – № 2. – 43-б.
6. Смагулова С.О. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы латын әліпбиіне көшу мәселесі тарихынан // Отан тарихы. – 2008. – № 3. – 21-б.
7. Қостанай облысының мемлекеттік мұрағаты. 99-қор, I-тізбе, 35-іс; 539 п; ҚР ОММ. 921-қор, I-тізбе, 6-іс, 32 п.
8. Мұсағалиева А. Ахмет Байтұрсынов – Халық ағарту комиссары // Қазақ тарихы. – 1998. – № 2. – 44-45-бб.
9. ҚР ОММ. 81-қор, I-тізбе, 320-іс, 69-п.
10. Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар / Құраст.Д.Әшімханов. – Алматы: Жалын, 1992. – 544 б.

Дауытбекова М.Қ.

С.Ж.Асфендияров ат. ҚазҰМУ, аға оқытушы

## XVII-XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БАТЫРЛАРДЫҢ СЯСИ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Дәстүрлі қазақ қоғамында әртүрлі сипаты мен қызметі жағынан жетілген әлеуметтік топ ретінде батырлардың алатын орны ерекше болды. Бұл процесс әсіресе қазақтың бүгінгі мен ертеңі тарих таразысына тартылған XVII-XVIII ғасырлармен байланыстырылатындығы түсінікті жайт. Қандай себеп болмасын, бұл құбылыстың түркі тілдес халықтар қатарына жататын қарақалпақта, өзбекте, қырғызда байқалмайтындығын М.Вяткин өз еңбектерінің бірінде атап өткен болатын [1]. Шындығында да «батыр» қазақ қоғамында өзіндік орны бар қадірлі де, қастерлі ұғым. Бұл атауды өсімінің жанына серік етіп қосу үшін ақсүйек тұқымынан не болмаса қарадан шыққан адам соған сай ел үшін қызмет атқаруы керек болатын. Бір ескерте кететін жайт бұл қарастырып отырған кезеңде негізінен қарадан шыққан батырлардың ролі жоғарырақ болған.

Сондай қызмет атқаратын шақтардың ең маңыздысы өзіміз жоғарыда айтып кеткендей XVIII ғасырға тұспа-тұса келді. Бұған дейін арақидің қактығыстар болғаны болмаса, негізінен мамыражай тіршілік кешкен қазақ елі көрші мемлекеттердің назарын аударма бастады. Олардың бірі қазақ даласы арқалы жерін кеңейткісі келсе, енді біреуі өзінің ықпалын орнатуды ойласа, тағы бірі басқалардың көмегі арқылы от көсеп түпкілікті жаулап алуы көзделді. Бір сөзбен айтқанда қазақ жері көршілердің ұғымы бойынша бөліске түсетін аймақ ретінде қарастырылды. Міне, осы тұста, яғни халқымыздың болашағының сын сағаты соққан сол аласапыран заманда елдіктің туын мығым ұстаған тұлғалар тарих сахнасының төріне көтерілді. Басқаша айтқанда: «XVIII ғасырдың бірінші жартысында батырлардың беделі мен әлеуметтік маңызы мейлінше өсті, мұның өзі сыртқы жауіпке және қазақтардың әлеуметтік ұйымдасуында әскери құрылымдар ролінің арта түсуіне байланысты

болатын. Жоңғарлар басқыншылығына пәрменді тойтарыс беруді ұйымдастыру қажеттігі әуелі әскери сахнада, ал сонан соң саяси сахнада да халықтың жол бастаушылары мен қолбасшылары – батырлардың аса көрнекті шоғырының пайда болуына жеткізді...» [2]. Яғни, осы батырлар қолдарына қару ғана емес, біртіндеп ел тізгінін де алып, әрқилы ішкі және сыртқы саяси-әлеуметтік істерде де белсенділік таныта бастайды. Солардың қатарынан біз қазақ қоғамындағы батырлардың сыртқы саяси қызметіне тоқталсақ.

Батырдың ел арасындағы абыройының асқақтап, беделінің өсуіне басты әсер еткен қызметінің біріне ел қорғау борышы жатады. Зерттеуші Н. Аполлованың пікірінше 1710 жылғы Қарақұмдағы құрылтай батырлардың қазақ қоғамындағы жоғары әлеуметтік топтардан үстем түскен жиыны болған [3]. Оның да себебі жоқ емес. Аталған құрылтайда ел бастаған көсемдер қалыптасқан тығырықтан шығу жолының шешімін таппай тұрғанда, табын Бөкенбай батыр суырылып ортаға шығып өз киімін өзі жырта, қылышын жоғары көтеріп, төмендегідей жалынды сөздер айтады: «Таланған көштің, тұтқындалған бала-шағаның бейшара куәсі болмайық. Жаудан кек алып, өлсек, қару ұстап өлеміз, қыпшақ даласының ерлері қашан қорқып еді? Қолымды жау қанына малғанда, сақалым әлі бұрыл тартпаған болатын! Жаудың тұлымдығына, шыдап отыра алман! Жауға мінер тұрлар аздақ емес! Өткір жебеге бола қорамсақ әлі босаған жоқ!» [4]. Ал Жәнібек батыр болса орыс елшісіне былай дейді: «... өз туыстарымды және ар-намысымды қорғау үшін оларға (жоңғарларға) қарсы соғысуға мәжбүр болдым...» [5, с.146-147]. Міне бұл сөздер батырлардың ел қорғау қызметінің нақты дәлелі бола алады. Мұнымен қоса қарастырылып отырған мәселе сол кезеңде жыраулар поэзиясында жақсы көрініс тапқан.

Мәселен, найман Ақтамберді жыраудың:

Душманнан көрген қорлықтан  
Жалынды жүрек, қан қайнап,  
Ел-жұртты қорғайлап,  
Өлімге жүрміз бас байлап.

немесе

Жауға шаптым ту байлап

Шепті бұдым аяқайлап [6, 57-58 бб.] – деген жыр жолдары ел алдындағы батыр борышының нақ

көрінісі. Сол кезеңдегі жекелеген батырлардың жорық сапары мен ұрыс даласындағы іс-әрекеттері көмекей әулие Бұхар және Үмбетей жырауларының басты тақырыбына айналған деуге болады. Мәселен, мына жыр үнілісіне назар аударсақ:

Қалданменен ұрысып,  
Жеті күндей жүрісіп;  
Сондағы жолдас адамдар:  
Қаракерей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Шақшақұлы Жәнібек,...  
... Өңкей батыр жылып,  
Абылай саалды жарлықты» [7].

Бұл жыр жолдарынан нені аңғаруға болады? Ел басына қауіп бұлтты үйірілген шақта батырлар тобының бірі ту астына жиылып, өздерінің басты міндеттерін атқарған. Бұл тағы да біздің жоғарыда түйген тұжырымдарымызды бекіте түседі. Бабаларымыздың бірі осылай толғаған тұста, келесі бір сол заман куәгері Үмбетей былайша жырлайды:

«Баянаул, Қызылтау  
Абралы, Шығыстау,  
Қозымаңырақ, Қоймаңырақ  
Арасы толған көп қалмақ  
Қалмақты қуып қашырдың  
Қара Ертістен өткізіп  
Алтай тауға асырдың!  
Ақшәуліге қос тігіп,  
Ауыр қол жинап алдырдың  
Қабанбай мен Бөгенбай  
Арғын менен Найманға  
Қоныс қылып қалдырдың» [8].

Осы жыр жолдарында батырдың екі қызметі сипатталады. Біріншісі ол батырлардың басқыншыларға қарсы күресі болса, екіншісі азат етілген ата-жұртқа қарамағындағы халықты орналастыру. Осылайша ел қорғау борышы саяси қызметінің бір түрі ретінде батырлардың өмірлік принципіне айналады. Сол себепті де кез-келген батыр өз өлімін ел мен жер үшін болатын шайқаста қабыл алуға дайын болды. Біздің ойымызды Ақтамберді жыраудың:

«Бар арманым, айтайын,  
Батырларша жорықта

Өлмедім оқтан қайтейін» [6, 68 б.] немесе төсек тартып жатқан Олжабай батырдың: «қой боғындай қорғасын маған бұйрықсыз болып, жамандардай төсекті сұлап жатып, қағымдадан өлдім-ау» [9] – деп аң ұрған

сөздері түйіндей түседі. Зерттеуші Қ. Ахметжановтың сөзімен айтатын болсақ, ел намысын үшін әскери борышын өтеу үстінде жан киво да нағыз батырлықтың өлшемі [10].

Батырлардың келесі бір айтып өтерліктей маңызды саяси қызметтерінің қатарына азаматтық – басқару істеріне тартыла бастауларын жатқыза аламыз. Әскери онерді кәсіп етіп, ел қорғау арқылы данқ пен абыройға бөленген батырлар ендігі жерде жай ғана қару асынған сарбаз емес, халыққа сөзін өткізіп билік айтатын саяси тұрғаға айналады. Тіпті кейбір жағдайда хан-сұлтандардың өзі батырлармен санасып отыруға мәжбүр болған. Өйткені ханның немесе сұлтанның қоғамдағы орны оған қолдау білдірген батырлардың беделі мен санына қарай анықталды. Оның үстіне батырдың шыққан руы үлкен болып, өзі ауқатты болса осыған қатысты біздің ой-пікіріміздің барысын түсіну қиын емес. Халқымыздың «батыр болып, бай болса – ханнан несі кем» деп сөз саптауы осыған қатысты айтылса керек. Бұл айтылған сөздерімізді тарихи деректермен негіздесек. XVIII ғасырдың алғашқы жартысында қазақ ел басшыларынан ант қабылдаған тұста орта жүзде Жәнібек батыр мен найман Шүрен батыр, кіші жүзде Бөкенбай батыр ханнан да жоғары бедел ие екендіктерін баса атап көрсетеді [11]. Мұны біз төмендегідей оқиғалардың желісінен анық аңғара аламыз. Алғашқысы ол есімі ұранға айналған Алдияр батырмен байланысты. М.Тынышпаевтың еңбегіндегі мәліметтерге сүйенсек Алдияр батыр Тәуке ханның замандасы және ханның оң жағын ала отыратын батырдың бірі болғанға ұқсайды [12, с.220]. Міне осы Алдияр батыр мемлекеттік істерде ақылдасатын шаруалар тұмдағанда Тәуке ханның жанынан табылатын. өзінің пікірлерін де білдірсе керек. Тіпті кей жағдайда хан мен батыр арасында келіспеушіліктер де туындаған. Мәселен, ел арасындағы аңыз бойынша Алдияр батырға келіссөз жүргізу үшін жоңғар қонтайшысы келеді. Бұдан хабардар болған Тәуке хан қонтайшыны өлтіруге бұйырады. Ауылына келген елшіні қорғау үшін батыр өзінің ханына қарсы шығып, хан мен батыр сарбаздары бір күн бойы шайқасалы. Аяқаста Алдияр батырдың кеңке інісі Майлан қаза табады. Осы оқиғаға байланысты Алдияр батыр ұрпақтарында мынадай өлең жолдары сақталған:

«Ұзын ағаш, той келе келді қалмақ,  
Қан Тәуке басып барып, басын алмақ,  
Келмегірдің қалмағы қайдан келді,  
Екі қазақ соғысып Майлан өлді» [12, с.221].

Әңгімеленіп отырған аңыз бойынша бұл оқиғаның барысы осылайша аяқталады: «Тәуке хан сарбаздарының шабуылын тойтарған Алдияр батыр ертеңіне қонтайшыны еліне аман-есен қайтарады. Қонтайшы ордасына барған соң тұтқындағы қазақтардың ішіндегі саяхатшыларды ғана емес, барлық наймандарды, оған қоса Алдияр батырдың есімін естігендерді де тұтқынан босатады» [12, с.221]. Осы аңызға қатысты қортынды шығарсақ. Мұндағы қонтайшы деп отырғанымыз жоңғар ноқандарының бірі болуы мүмкін. Ал батырдың інісінің өмірін қия отырып ханға қарсы шығуынан біз батырдың елшілерге зиян тигізбейтін дала заңын берік ұстанғандығын анық байқаймыз. Ең бастысы бұл аңызда батырдың саяси істерге белсен араласып, мемлекеттік маңызы бар шаруаларға өзіндік ақылдасу танытқандығын көре аламыз. Келесі бір осыған ұқсас оқиға табын Бөкенбай батырдың есімімен байланысты. Кіші жүз ханы Әбілхайырдың ешбір кеңессіз Ресей қарамағына өту туралы өтініш жасағандығы белгілі. Сол өтінішке сай қазақтардан ант қабылдау үшін Мәлет мырза Тевкелев келеді. Ханның халықпен кеңесін іс қылмағанына наразы болған батырлар мен билер елшіні, тіпті ханның өзін де өлтірмек болады. Әсіресе елшінің басына қатты қауіп төніп, ол өз өлімін сөт сайын күтумен болған. Сол кезде елшімен бірге еріп келген башқұрт билері оған ел ішіндегі беделді Бөкенбай батырға, оның күйеу баласы Есет батырға жолығуға кеңес беріп, өлімнен тек солар құтқарып алып қалуы мүмкіндігін жеткізеді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін құжатқа көзек берейік: «... есть да знатная старшина Букенбай батыр, да зять его Исет батыр, да двоородный брат Худайназар мурза, который изо всех старшин лучше и сильнее люди и доброго состояние ... то через их ему, Тевкелеву польза будет...» [5, с.51] Ш. Уәлиханов «қазақ Геродоты» деп атаған А.И.Левшин осыған қатысты былай жазды: «... Знаменитый и чтимый как среднего, так и меньшего ордами старейшина киргизский Букенбай вызвался быть первым его покровителем...» [13]. Бұған қоса Әбілхайыр ханның өзі халықтың сенімінен айырыла бастауына байланысты Тевкелевке оның өміріне кепілдік бере алмайтындығын айтып, Бөкенбай батырмен тіл табысуын мақұл көреді. Шындығында Бөкенбай батыр елшінің басты тірегіне айналып, оның және қасындағылардың елдеріне аман-есен оралуларына жәрдем тигізеді. Сонымен жоғарыда айтылған екі оқиғаны қорытсақ. Екеуіде қазақ жеріне келген елшілерді қорғау қызметімен байланысып жатыр. Алғашқы батыр елшіні қорғап қалу үшін ханға қарсылық білдірсе, соңғысы ханның қолынан келмеген істі жүзеге асырады. Әрине, біз бұл жерде қазақ хандарының дәрежесін төмендетуден аулақпыз, біз қарастырылып отырған тақырыпқа сай батырлардың қызметін ғана көрсетуге тырыстық. Оның үстіне сол кезеңдегі саяси жағдай қоғамдық істерде батырлардың үстем түсуіне жағдай жасап берді.

Міне осындай оқиғалар қазақ қоғамындағы батырлардың ролін одан ары асқақтатып, көрші елдердің өзі қазақ еліне қатысты мәселелерді батырлар арқылы шешуге тырысады. Оған дәлел келтіруге де болады. Ол 1752 жылы орын алған «қарақалпақ оқиғасы». Аталған жылдың көктемінде жоңғар қонтайшысы Лама Доржы Шыршық өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан қарақалпақтарға жоңғар хандығының қарамағына қосылындар деп елшілік жібереді. Алғашында қазақтардан біраз қысымшылық көрген қарақалпақ билеушілері келісімін беріп, ал дәл сөзден іске қошетін шақта өзге діндегі жоңғар қарамағында болғанша туысқан қазақпен бірге болғанымыз дұрыс деп айтып қалады. Бұған ашуланған жоңғар басшысы оларды күшпен басып алуға шешім қабылдайды. Істің насылға шапқанын сезген қарақалпақ билеушілері Қабанбай батырға көмек сұрап

елші жібереді. Мұндай өтінішті ерекше ілтипатпен қабыл алған батыр бірден жорыққа аттанады [14]. Мұндай мысалдардың бірнешеуін келтіруге болады. Әрине бізге бұл мысалдардың саны емес, мазмұнындағы батырлар қызметі маңыздырақ. Сол себепті жоғарыдағы Қабанбай батырдың қызметі арқылы басқа тарихи оқиғалардағы батырлардың іс-әрекеті үндесіп жатқандығын байқау қиын емес.

Батырлардың қоғамдық белесте танылған келесі бір қызметі – елшілік. Елші болу мемлекеттік маңызды бар өте жауапты іс. Халқымызда «елдестірмек елшіден – жауластырмақ жаушыдан» деген сөз тіркесі бекер айтылмаса керек. Өйткені елшінің басты міндеті Қазыбек бидің жоңғар билеушісіне:

«Сен темір де, мен көмір,

Ерткелі келгенмін

Екі еліктің баласын,

Теліткелі келгенмін.

Егесетін жау шықса

Илткелі келгенмін» – деп айтқандай екі ел арасындағы соғысты тоқтатып, бейбіт қарым-қатынас

орнату. Егер келісім жүзеге аспаған жағдайда елші:

«Табысуға келмесен,

Тұрысағын жеріңді айта» [15] – деп кесіп айтатын болған. Елшілер өз дегеніне кез-келген әдіспен

жетуге тырысқан. Бірде олар қарсыласын жалған ақпаратпен қорқытса [16], енді бірінде айқайлап өздерін айбатты етіп көрсету арқылы жауларынан үстем болуға тырысады [17]. Қарсыласының мысын басып, елшіліктің сәтті аяқталуы үшін бұл қызметті қобіне әккі батырларға табыстайтын болған. Осылайша біз жоғарыда айтылған ой пікірлерімізді түйіндеп, жинақтай келе қорытынды шығарсақ, Батырлар институтының жоғарыда әңгімеленген қызметтері олардың дәстүрлі қазақ қоғамының саяси элитасының ажырамас бөлігі болғандығын көрсетеді. Алғашында ел қорғанысының басты тірегі болған батырлар біртіндеп қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік және экономикалық қатынастардың өзегіне айналады. Сол себепті ұлан-байтақ отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығын қызғыштай қорып, қаны мен тері арқылы халқы үшін жаратылғандарын дәлелдеген батырлар қызметі тарихымыздың беттерінен айшықты орын алуы керек деп санаймыз.

1. Вяткин В.П. Батыр Сырым. – Алматы, 1998. – 110 б.

2. Қазақстан тарихы. – Т. 3. – Алматы, 1998. – 238б.

3. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России. – Алма-Ата, 1948. – 169 с.

4. Ерофеева И. Хан Абулхайр: полководец, правитель и политик. – Алматы, 2002. – 325 с.

5. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. Сборник документов и материалов. – Алма-Ата, 1961. – С.146-147.

6. Бес ғасыр жырлайды. – Т. I. – Алматы, 1989. – 182 б.

7. XVIII – XIX ғғ. Қазақ ақындары шығармаларының жинағы. – Алматы, 1962. – 47 б.

8. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982. – 107 б.

9. Абылай хан: тарихи жырлар. – Алматы, 1993. – 342 б.

10. Ахметжанов Қ. Жараған темір кигендер (батырлардың қару жарактары, әскери өнері, салт-дәстүрлері). – Алматы, 1996. – 26 б.

11. Кекілбаев Ә. Заманмен сұхбат. – Алматы, 1996. – 101 б.

12. Тынышбаев Н. История казахского народа. – Алматы, 1993. – 220 с.

13. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы, 1996. – 182 с.

14. Материалы по истории каракалпаков. Сборник документов. – М.-Л., 1935. – С. 222-223.

15. Төреқұлов Н. Қазақтың би-шешендері. – Алматы, 1993. – 100 б.

16. Козин С.А. Сокровенное сказание. – М.-Л., 1947. – 147с.

17. Липец Р.С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. – М., 1984. – 60 с.

Исмаилов С.С.,

старший преподаватель

Костанайского государственного

университета им. А. Байтұрсынова.

Билял А.Б.,

старший преподаватель

КазГос ЖөніПУ

## ПРОБЛЕМА СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА И ЮЖНОГО УРАЛА В ПЕРИОД ГОЛОДА 1920-х ГОДОВ

В 1921–1922 гг. на территории РСФСР были подвержены голоду огромные территориальные пространства, который принял небывалый масштаб. Основными причинами данного явления стали Первая мировая война, революции 1917 г., а также гражданская война и политика продразверстки. На территории Казахстана и снежных зонах наблюдались признаки надвигающегося голода, имевшие свои климатические особенности. По-